

Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне өзгерістер енгізу және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір өкімдерінің күші жойылды деп тану туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 11 қарашадағы N 575 Өкімі "Президент пен Үкімет актілерінің жинағында" жариялануға тиіс

1. "Қазақстан Республикасы Президентінің жанында Құқықтық саясат жөніндегі кеңес құру туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2002 жылғы 19 ақпандағы N 303 өкіміне (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2002 ж., N 6, 44-құжат; N 39, 396-құжат; 2003 ж., N 18, 180-құжат; 2004 ж., N 4, 50-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Құқықтық саясат жөніндегі кеңестің дербес құрамына мыналар енгізілсін:

Имашев Берік Мәжитұлы - Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Басшысының орынбасары, Кеңес төрағасы,

Әлімбаев Мұсабек Тұрғынбекұлы - Алматы қалалық сотының төрағасы,

Бәйішев Жолымбет Нұрахметұлы - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Сотының судьясы,

Балиева Зағипа Яхияқызы - Қазақстан Республикасының Әділет министрі,

Сүлейменов Майдан Күнтуарұлы - Қазақ гуманитарлық-заң университетінің Жеке құқық ғылыми-зерттеу институтының директоры, заң ғылымдарының докторы,

Баймолдина Зәуреш Хамитқызы - Қазақ гуманитарлық-заң университетінің доценті, заң ғылымдарының кандидаты;

мына жолдар:

"Жиреншин - Қазақ гуманитарлық-заң университетінің
Қазбек Әбусағитұлы проректоры",

"Айтмұхамбетов - Қазақстан Республикасы Жоғарғы Соты
Таймас Қалмұхамбетұлы Судьялар мен сот қызметкерлерінің
біліктілігін арттыру институтының
директоры",

"Сәрсембаев - Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық
Марат Алдоңғарұлы университеті заң институтының
директоры"

тиісінше мынадай редакцияда жазылсын:

"Жиреншин
Қазбек Әбусағитұлы
меңгерушісі", - Қазақ гуманитарлық-заң университеті
конституциялық құқық кафедрасының

"Айтмұхамбетов
Таймас Қалмұхамбетұлы
директоры", - Қазақстан Республикасының Президенті
жанындағы Мемлекеттік басқару
академиясы Сот төрелігі институтының

"Сәрсембаев
Марат Алдоңғарұлы
бөлімінің меңгерушісі"; - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау
комиссиясының Халықаралық қатынастар

аталған Кеңес құрамынан Б.Ә.Мұхаметжанов, Е.М.Қосубаев, О.И.Жұмабеков,
Б.М.Сапарбаев, Ж.Ә.Құлекеев, З.Қ.Тұрысбеков шығарылсын;

аталған өкіммен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы
Құқықтық саясат жөніндегі кеңес туралы ереженің 4-тарауының алтыншы абзацындағы
"Мемлекеттік-құқық басқармасы" деген сөздер "Құқық қорғау және сот жүйелері
мәселелері бөлімі" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) "Қазақстан Республикасының сот жүйесін одан әрі жетілдіру мәселелері
жөніндегі комиссия туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21
қаңтардағы N 524 өкімі ;

2) "Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы 21 қаңтардағы N 524
өкіміне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2005 жылғы
29 шілдедегі N 568 өкімі .

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті